

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына, «Ақ жол» ҚДП
фракциясының мүшелеріне**

2021 жылғы 23 маусымдағы
№ ДС-224 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің облыстық деңгейдегі ветеринариялық мекемелердің дербес болып қалуына қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Ветеринариялық қызметтің басты мақсаттары мен міндеттері жануарларды аурулардан қорғау, халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау болып табылады.

Қазіргі уақытта ветеринариялық қызмет жергілікті атқарушы органның құрылымы өзгертіліп, тікелей бағыныстылық арқылы құрылды. Аудандық деңгейдегі ветеринариялық бөлімдер қысқартылып, аудандық ветеринариялық станциялар тікелей облыстық ветеринариялық басқармаға бағынысты болды. Бұл ветеринариялық басқарманың қызметі (*ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салу, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету, ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру, эпизоотия ошақтары пайда болған жағдайда, оларды зерттеп-қарауды жүргізу, ветеринариялық препараттарды тасымалдауды ұйымдастыру және т.б.*) мен жауапкершілігін және жұмыс істеу тиімділігін арттырады.

Бұдан басқа, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 2-тармағына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелері ветеринария саласындағы

қызметті осы Заңға сәйкес жүзеге асырады және дербес бөлімшелер нысанында құрылады.

Сонымен қатар, Дүниежүзілік жануарлар саулығы ұйымының жерүсті жануарларының денсаулық кодексінің 3.1.2-бабына сәйкес ветеринариялық қызметтер тәуелсіз болуы керек және шешім қабылдау кезінде олардың пікіріне әсер етуі мүмкін сауда, қаржы, саяси және басқа топтар мен жоғары тұрған жұмысшылардың қысымына ұшырамауы керек.

Ағымдағы жылы да әлемде жануарлар аурулары бойынша эпизоотиялық ахуал көңіл алаңдатарлықтай күйде қалып отыр. Атап айтқанда, Халықаралық Эпизоотиялық Бюроның деректеріне сәйкес жануарлардың аса қауіпті аурулары індетінің тіркелуі Еуропа, Шығыс Азия, Қытай, Ресей елдерінде және басқа да шекара маңындағы елдерде жалғасуда.

Ветеринария басқармасы тарапынан жануарлардың аса қауіпті ауруларын вакциналау және диагностикалау бойынша профилактикалық іс-шаралар жоспары қалыптастырылып, іске асырылуда.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және елдегі тұрақты эпизоотиялық ахуалды сақтау үшін уақтылы ден қою және алдын алу шараларын қабылдау мақсатында облыстық деңгейдегі ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармаларын біріктіру тиімсіз екенін атап өтемін.

Р. Скляр